



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЙЛАУДЫ БАЙҚАУ ТУРАЛЫ

О НАБЛЮДЕНИИ ЗА ВЫБОРАМИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН





Байқаушының негізгі қызметі:

- дауыс беруге қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету, дауыс беру күні сайлау учаскесінде дауыс беру қорытындыларын белгілеу
- азаматтардың сайлау құқықтарының сақталуын қадағалау

Сайлауды байқауды жүзеге асыратын:

- ҚР саяси партиялары,
- қоғамдық бірлестіктері,
- ҚР коммерциялық емес ұйымдары

 «ҚР сайлау туралы» КЗ 20-б. 8-т., 20-1 б. 1-т.

Основная функция наблюдателя:

- обеспечение общественного контроля за голосованием, установлением итогов голосования на избирательном участке в день голосования
- наблюдение за соблюдением избирательных прав граждан

Наблюдение за выборами осуществляют:

- политические партии,
- общественные объединения,
- некоммерческие организации РК

 П. 8 ст. 20, п. 1 ст. 20-1 КЗ «О выборах в РК»



ӨКІЛЕТТІКТЕРДІ АЛУ ШАРТТАРЫ / УСЛОВИЯ ПРИОБРЕТЕНИЯ ПОЛНОМОЧИЙ

Байқаушының Қазақстан Республикасының саяси партияларынан, өзге де қоғамдық бірлестіктерінен, коммерциялық емес ұйымдарынан өкілеттігі оның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіле отырып, жазбаша нысанда куәландырылуға тиіс. Бұл құжат байқаушыны жіберген ұйымның мөрімен куәландырылады және байқаушының жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жарамды болады. Құжаттар сайлау комиссиясының төрағасына не оны алмастыратын адамға ол туралы деректерді есепке алу журналына енгізу жолымен байқаушыны тіркеу үшін ұсынылады

(«ҚР Сайлау туралы» КЗ 20-1 б. 1-т.)

Полномочия наблюдателя от политических партий, иных общественных объединений, некоммерческих организаций Республики Казахстан должны быть удостоверены в письменной форме с указанием его фамилии, имени, отчества. Данный документ заверяется печатью организации, направившей наблюдателя, и действителен при предъявлении документа, удостоверяющего личность наблюдателя. Документы предъявляются председателю избирательной комиссии либо лицу, его замещающему, для регистрации наблюдателя путем внесения данных о нем в журнал учета

(п.1 ст.20-1 КЗ «О выборах в РК»)





УСЛОВИЯ ПРИОБРЕТЕНИЯ ПОЛНОМОЧИЙ



Дауыс беру күні дауыс беруге арналған сайлау учаскесі ашылған кезден бастап және сайлаушылардың дауыстарын санау кезінде дауыс беру нәтижелері анықталғанға дейін сайлау учаскесінде бір мезгілде әрбір кандидаттан немесе партиялық тізімін ұсынған саяси партиядан сенім білдірілген бір-бір адамнан, қызметтік куәлігі мен редакцияның тапсырмасы болған кезде әрбір бұқаралық ақпарат құралынан бір-бір өкілден және Қазақстан Республикасының әрбір саяси партиясынан, өзге де қоғамдық бірлестігінен, басқа да коммерциялық емес ұйымдарынан бір-бір байқаушыдан және аудармашы бірге жүруге құқылы шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары қатысуға құқылы. (*«ҚР Сайлау туралы» КЗ 20-б. 8-т.*)

В день голосования с момента открытия избирательного участка для голосования и до установления результатов голосования при подсчете голосов избирателей на избирательном участке вправе одновременно присутствовать по одному доверенному лицу от каждого кандидата и по одному наблюдателю от каждой политической партии, иного общественного объединения, других некоммерческих организаций Республики Казахстан. (*п.8 ст.20 КЗ «О выборах в РК»*)



Байқаушының мәртебесі оны тиісті УСК-да тіркеген сәттен бастап УСК қаулысын қабылдау және ол туралы деректерді есепке алу журналына енгізу жолымен туындайды.



Статус наблюдателя возникает с момента его регистрации в соответствующей УИК, путем принятия постановления УИК и внесения данных о нем в журнал учета



Байқаушы учаскедегі дауыстарды санау хаттамасын жоғары тұрған комиссияға (аудандық, қалалық) беру аяқталғаннан кейін, сондай-ақ ҚР заңнамасы бұзылған жағдайда өз мәртебесін жоғалтады.



Наблюдатель утрачивает свой статус по завершению передачи протокола подсчета голосов на участке в вышестоящую комиссию (районную, городскую), а также в случае нарушения законодательства РК



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАЙҚАУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

- 1) сайлау комиссиясының отырысына қатысуға;
- 2) дауыс беруге, соның ішінде үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың саны туралы ақпарат алуға;
- 3) дауыс беруді өткізу және дауыстарды санау кезінде тиісті сайлау учаскесінің дауыс беруге арналған үй-жайында болуға;
- 4) тасымалданатын сайлау жәшігін бақылап жүруге, соның ішінде оларды тасымалдау кезінде көлік құралында болуға;
- 5) сайлау учаскесінде, дауыс беруге арналған пунктте дауыс беру барысын, дауыстарды санау және дауыс беру нәтижелерін ресімдеу рәсімін барлық аталған рәсімдерді анық көру мүмкіндігін қамтамасыз ететін жағдайларда байқауға;
- 6) тиісті сайлау комиссиясының және (немесе) оның мүшелерінің шешімдеріне, іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған сайлау комиссиясына немесе сотқа шағымдануға;
- 7) сайлаушылардың дауыс беруге арналған үй-жайға келу мүмкіндігі болмаған жағдайда олардың дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруін өткізу кезінде қатысуға;
- 8) учаскелік сайлау комиссиясы мүшелерінің пайдаланылмаған сайлау бюллетеньдерін санауы және жоюы кезінде қатысуға;
- 9) дауыс беру барысына және оның қорытындыларын шығаруға кедергі жасамай, фотожазба, дыбысжазба және бейнежазба жасауға;
- 10) дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды жоғары тұрған сайлау комиссияларына беру рәсімін байқауға;
- 11) дауыс беру өткізілгеннен кейін дауыс беру қорытындылары туралы сайлау комиссиясының хаттамаларымен танысуға, олардың куәландырылған көшірмелерін алуға;
- 12) сайлау комиссиясы мүшелерінің назарын осы Конституциялық заң талаптарының бұзылуына аударуға, оларға бұзушылықтар туралы тиісті жазбаша мәлімдемелерді, актілерді табыс етуге және табыс еткені туралы белгі соқтыруға құқылы. Сайлау комиссиясының төрағасы, оны алмастыратын адам сенім білдірілген адамдардың, байқаушылардың өтініштері бойынша дауыстарды санау хаттамасына олардың жасаған актілерін қоса беруге міндетті.



ПРАВА НАБЛЮДАТЕЛЕЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

- 1) присутствовать на заседании избирательной комиссии;
- 2) получать информацию о количестве избирателей, принявших участие в голосовании, в том числе в голосовании вне помещения;
- 3) находиться в помещении для голосования соответствующего избирательного участка во время проведения голосования и подсчета голосов;
- 4) сопровождать переносные избирательные урны, в том числе находиться в транспортном средстве во время их перевозки;
- 5) наблюдать за ходом голосования, процедурой подсчета голосов и оформления результатов голосования на избирательном участке, в пункте для голосования в условиях, обеспечивающих возможность четкого обозрения всех перечисленных процедур;
- 6) обжаловать решения, действия (бездействие) соответствующей избирательной комиссии и (или) ее членов в вышестоящую избирательную комиссию или суд;
- 7) присутствовать при проведении голосования избирателей вне помещения для голосования в случае невозможности их прибытия в помещение для голосования;
- 8) присутствовать при подсчете и погашении членами участковой избирательной комиссии неиспользованных избирательных бюллетеней;
- 9) делать фото-, аудио - и видеозаписи, не мешая ходу голосования и подведению его итогов;
- 10) наблюдать процедуру передачи протоколов о результатах голосования вышестоящим избирательным комиссиям;
- 11) после проведения голосования знакомиться с протоколами избирательной комиссии об итогах голосования, получать их заверенные копии;
- 12) обращать внимание членов избирательной комиссии на нарушения требований настоящего Конституционного закона, вручать им соответствующие письменные заявления, акты о нарушениях и получать от них отметки о вручении. Председатель избирательной комиссии, лицо, его замещающее, обязаны по заявлению доверенных лиц, наблюдателей приложить к протоколу подсчета голосов составленные ими акты.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАЙҚАУШЫЛАРЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

- 1) олардың жеке басы мен өкілеттігін куәландыратын құжаттарын өздерімен алып жүруге;
- 2) сайлау процесіне, сайлау комиссиясының дауыстарды санау және шешімдерді қабылдау рәсіміне араласпауға;
- 3) сайлау комиссиясының жұмысына кедергі келтіретін іс-әрекеттер жасамауға;
- 4) сайлау учаскесінде сайлау комиссиясы төрағасының тиісті сайлау комиссиясы белгілеген тәртіп ережелерін сақтау жөніндегі талаптарын орындауға;
- 5) өз ескертулерін құжатталған, шынайы және тексеруге болатын фактілермен негіздеуге;
- 6) Қазақстан Республикасының осы Конституциялық заңының және өзге де заңнамасының талаптарын сақтауға;
- 7) алаламауға, нақты кандидатқа, саяси партияға артықшылық бермеуге міндетті.

БАЙҚАУШЫЛАРДЫҢ

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ



Байқаушылар ҚР заңнамасын бұзған жағдайда тиісті сайлау комиссиясы байқаушыны тіркеудің күшін жоюға құқылы).

(«ҚР Сайлау туралы» КЗ 20-1-бабының 4-тармағы)



ОБЯЗАННОСТИ НАБЛЮДАТЕЛЕЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

- 1) иметь при себе документы, удостоверяющие их личность и полномочия;
- 2) не вмешиваться в избирательный процесс, в процедуру подсчета голосов и принятия решений избирательной комиссией;
- 3) не предпринимать действия, препятствующие работе избирательной комиссии;
- 4) выполнять требования председателя избирательной комиссии по соблюдению правил поведения на избирательном участке, установленных соответствующей избирательной комиссией;
- 5) основывать свои замечания на документированных, действительных и поддающихся проверке фактах;
- 6) соблюдать требования настоящего Конституционного закона и иного законодательства Республики Казахстан;
- 7) сохранять непредвзятость, не выражать предпочтение конкретному кандидату, политической партии.

ОТВЕТСТВЕННОСТЬ НАБЛЮДАТЕЛЕЙ



При нарушении законодательства РК наблюдателями соответствующая избирательная комиссия вправе отменить регистрацию наблюдателя

(п.4 ст.20-1 КЗ «О выборах в РК»)



СЕНІМ БІЛДІРГЕН АДАМДАР



Кандидаттар сенім білдірілген адамдарын өздерінің қалаулары бойынша тиісті сайлау округіндегі әр сайлау учаскесіне үш адамнан аспайтын санда анықтайды және оларды тіркеу үшін тиісті сайлау комиссиясына хабарлайды. Сенім білдірілген адамдар ретінде ұсынған тұлғалар тиісті сайлау комиссиясына өзінің сенім білдірілген адам болуға келіскені туралы өз өтінішін табыс етеді

(«ҚР Сайлау туралы» КЗ 31-бабының 2-тармағы)



Сайлау комиссиясы сенім білдірілген адамдарды тіркегеннен кейін оларға тиісті куәліктер береді («ҚР Сайлау туралы» КЗ 31-бабының 3-тармағы)



Сенім білдірілген адам Қазақстан Республикасының азаматы болуға тиіс, ол Сенат депутатын сайлау кезінде мәслихат депутаты, қандай да бір сайлау комиссиясының мүшесі, саяси мемлекеттік қызметші лауазымындағы адам болмауға тиіс

(«ҚР Сайлау туралы» КЗ 31-бабының 4-тармағы)



Сенім білдірілген адамдар байқаушылардың құқықтарын иеленеді, міндеттеріне ие болады («ҚР Сайлау туралы» КЗ 31-бабының 5-тармағы)



УСК жазбаша нысанда берілген сенім білдірілген адамның өтініші бойынша дауыстарды қайта санауды жүргізеді («ҚР Сайлау туралы» КЗ 43-бабының 7-1-тармағы)



ДОВЕРЕННЫЕ ЛИЦА



Кандидаты определяют доверенных лиц по своему усмотрению в количестве, не превышающем трех человек на каждый избирательный участок в соответствующем избирательном округе, и сообщают о них для регистрации в соответствующую избирательную комиссию. Лица, предлагаемые кандидатом в качестве доверенных лиц, представляют в соответствующую избирательную комиссию заявление о своем согласии быть доверенным лицом

(п.2 ст.31 КЗ «О выборах в РК»)



Избирательная комиссия после регистрации доверенных лиц выдает им соответствующие удостоверения *(п.3 ст.31 КЗ «О выборах в РК»)*



Доверенное лицо должно быть гражданином Республики Казахстан, не может быть депутатом маслихата при выборах депутата Сената, членом какой бы то ни было избирательной комиссии, лицом, занимающим должность политического государственного служащего

(п.4 ст.31 КЗ «О выборах в РК»)



Доверенные лица имеют права и обязанности наблюдателей политических партий, иных общественных объединений, некоммерческих организаций РК *(п.5 ст.31 КЗ «О выборах в РК»)*



УИК по заявлению доверенного лица, поданного в письменной форме, проводит повторный подсчет голосов *(п.7-1 ст.43 КЗ «О выборах в РК»)*.



САЙЛАУДЫ БАЙҚАУ ШАРТТАРЫ / УСЛОВИЯ ДЛЯ НАБЛЮДЕНИЯ ЗА ВЫБОРАМИ

Байқаушылар үшін сайлау жәшіктерін, жасырын дауыс беруге арналған кабиналардың кіруі мен шығуын бақылау мүмкіндігі қамтамасыз етілуге тиіс
(«ҚР Сайлау туралы» КЗ 39-б. 1-т.)



Для наблюдателей должна быть обеспечена возможность наблюдать за избирательными урнами, за входом и выходом из кабин для тайного голосования

(п.1 ст.39 КЗ «О выборах в РК»)

Дауыс беруге арналған үй-жайдағы дауыстарды санау жүргізілетін столдар УСК мүшелерінің іс-әрекетін үй-жайдағы қатысушы барлық адамдардың көріп отыруы қамтамасыз етілетіндей етіп орналастырылады. Дауыстарды санау кезінде қатысатын сенім білдірілген адамдар мен байқаушылар дауыстарды санауды бюллетеньдердегі белгілердің көрініп тұруы қамтамасыз етілетіндей қашықтық пен жағдайда байқап тұрады
(«ҚР Сайлау туралы» КЗ 43-б. 1-т.)



В помещении для голосования столы, за которыми производится подсчет голосов, размещаются таким образом, чтобы обеспечивался обзор действий членов УИК со стороны всех присутствующих в помещении лиц. Доверенные лица и наблюдатели, присутствующие при подсчете голосов, наблюдают за подсчетом голосов на расстоянии и в условиях, обеспечивающих обзоримость отметок в бюллетенях

(п.1 ст.43 КЗ «О выборах в РК») 12



САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНДЕГІ БАЙҚАУШЫЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ТАЛАПТАР



Дауыс беруге арналған үй-жайда сайлау комиссиясы белгілеген ережелерді қатаң сақтауға міндетті



Тиісті сайлау төрағасының Сайлау туралы Конституциялық заңның ережелерін бұзған және дауыс беруді өткізуге кедергі келтірген кез келген адамнан үй-жайдан кетуді талап етуге құқығы бар



ҚР сайлау туралы заңнамасы бұзылған жағдайда байқаушы мен өзге де адамдар сайлау комиссиясының жазбаша нысанда қабылданған дәлелді шешімі бойынша дауыс беруге арналған үй-жайдан шығарылады



Осы шешімнің орындалуын ішкі істер органдары жүзеге асырады, сондай-ақ шығарылған байқаушыны немесе өзге адамды ҚР заңдарында көзделген жауаптылыққа тарту жөнінде шаралар қабылдайды

(п.2 ст.39 КЗ «О выборах в РК»)



ТРЕБОВАНИЯ НА ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ УЧАСТКАХ В ОТНОШЕНИИ НАБЛЮДАТЕЛЕЙ



Строгое соблюдение правил в помещении для голосования, установленных избирательной комиссией



Председатель соответствующей избирательной вправе потребовать от любого, кто нарушает положения Закона о выборах и препятствует проведению голосования, покинуть помещение.



В случае нарушения законодательства РК о выборах наблюдатель и иные лица удаляются из помещения для голосования по мотивированному решению избирательной комиссии, принятому в письменной форме



Исполнение данного решения осуществляют органы внутренних дел, которые также принимают меры по привлечению удаленного наблюдателя или иного лица к ответственности, предусмотренной законами Республики Казахстан.

(п.2 ст.39 КЗ «О выборах в РК»)



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЙЛАУДЫ БАЙҚАУ ТУРАЛЫ

О НАБЛЮДЕНИИ ЗА ВЫБОРАМИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

